

Сөз өнерінің сырбазы.

Ақселеу Сейдімбек шығармашылығының тілдік, стилдік ерекшелігі

Сөз өнерін зерттеуші ғалым С. Негимов шешендік қасиеттің адам бойына қалыптасуы жөнінде мынадай пікірлер келтіреді. Шешендік - атаның қаны, ананың сүтімен келеді. Ата-баба, тегіңізде шешен, ділмар адамдар болса, ол міндетті түрде кейінгі ұрпақтарының біріне қонады. Яғни бұл алғашқы табиғи қасиет. Екіншісі ілім-біліммен, теориялық тәмсілдерді бойға сіңірумен даритын жеміс. Үшіншісі талмай іздену, тынымсыз еңбек нәтижесі арқылы қалыптасады.

Сөйлеу әдебі, жазу мәдениеті бағытында болашақ журналистерге дәріс бере жүріп, анық көз жеткізген ақиқатым сөз өнерімен айналысатын адамға жоғарыда келтірілген қасиеттердің



үшеуі де аса қажет екендігі.

Көгілдір экраннан көсіліп, мінбелерден мінсіз сөйлеген талай шешендерді көріп келеміз. Бірақ менің ұғымымда қазақ қара сөзінің қадірін өсіріп, қадым замандағы қаймағы бұзылмаған тіл құдіретінің қасиеті мен нәрін қараша жұртқа жеткізген һәм жеткізіп кеткен бірегей тұлға ол - Ақселеу аға Сейдімбеков еді.

Ақаңның тілі, абыздың үніндей еді. Ол кісінің ауыз екі айтқан әңгімесін еш өзгеріссіз ақ қағаздың бетіне түсіріп, алаңсыз баспасөз бетіне жариялай беруге болатын. Кейде жазғанына жарты әлем таң қалатын қаламгерлеріміз, ақын-жазушыларымыз ауыз-екі әңгімеге келгенде тастақ жерге тап болған жорғадай жүрісінен жаңылып жатады. Ал Ақселеу аға абыздай толғанып, қырандай қомданып сөз тиегін ағытқанда тыңдаушысы жіліктің майын ішкендей масайрап, отыратын. Осындай құдіретті бастан өткерген кез-келген адам Ақселеу шығармаларын құныға, қызыға оқитыны сөзсіз.

Ақаң шығармаларын оқудың қажеті жоқ, оны тыңдау керек. Кез-келген шежіре баянына көз салсаңыз болғаны, құлағыңызға күмбір-күмбір күмбездердің арғы жағынан Ақаңның күрең-сал үні тынбай естіліп тұрады. Ақселеу аға Аллаһ тағаланың ерекше жаратқан пендесі. Байғозы батырдан тектілікті, Тұяқ шешеннен беттілікті бойына дарытқан Ақаң боз даланың бетегесінен бекзаттық, жусанынан жақсылық, көдесінен кеңдікті бойына сіңіріп өсті. Сахараның сайын байтағымен сан мәрте тілдесіп, арғы-бергі тарихтың бар тәмсілдерін зер-десіне тоқып, көкірегіне түйіп өсті.

Қазақтың ұлы тұлғаларымен үндесіп, шежіре-баян, аңыз-әпсаналарынан нұр кешіп, «көкте күннің, жерде елдің пейіліне тоймады». Темір қаламы тебен-дей, қағазы киіз, қолы мүйіз болғанша талмай, қажымай еңбек етті.

Жоғарыда айтылған шешен адамға тән үш қасиетті Ақселеу аға осылайша басынан өткерді. Әңгімеміздің әлкиссасын тіл, сөз өнерінен бастап жатырмыз ғой. Енді сол Ақаңның тіл туралы айтқан мына бір тәмсіліне құлақ түріп көрелік. «...Ал енді алғашқы қауымдық құрылыстан бергі ұлтқа, оның тіліне қатысты тарихи айғақтарға зер салшы. Азуын айға білеген шумер тілі, латын тілі, майя тілі қазір өлі тіл емес пе?! Сол тілмен бірге сол халықтар да тарихи айғақ ретінде ғана аталып өтеді. Рас, ол тілдердің біраз сөздері түрлі халықтардың ауызында күні бүгінге дейін жаңғырығып жүр. Рас, сол тілде сөйлеген халықтардың үрім-бұтағы басқа халықтардың түр-түсіне өз нышанын дарытып кеткен. Бірақ сол халықтардың өзі жоқ қой. Олардың жоғалуына соғыстан да, аштықтан да, індеттен де, геноцидтен де бұрын қатты ықпал еткен - тілдің жойылуы.

Түйін ой мынаған саяды - ұлт пен тілді бөліп қарауға болмайды. Бұл екеуінің бірінсіз бірі жоқ. Рас, ұлттың тілден басқа да түрлі белгі-бедерлері бар. Сөйте тұра, тілсіз ұлтты елестету - алдамшылықты, белгілі бір үстем саясаттың шашбауын көтерушілікті пайымдатады.»

Ұлт пен тілді бөліп қарауға болмайды деген Ақаң пайымы өз шығармашылығында көкжиегін тіпті де кеңіте түседі. Қаламгерлік жолын журналистикадан бастап, көркем шығарма кеңістігіне еркін қанат қаққан шешен Ақселеу кемел жасқа іліксімен ғылымның қиында күрделі күрең жолына түсті. Қазақ руханиятына қатысты бірде-бір тақырып Ақаң на-зарынан тыс қалған жоқ. Қазақ іліміне кіргізген өзінің «көшпелілер өркениеті» ұғымы ая-сында каншама қыруар жұмыстар атқарды. Жер-су, елді мекен атауларының тарихы, қазақ ұлысының рулық-тайпалық шежіре-баяны, халықтың салт-дәстүрі мен көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру заңдылықтарының барлығына әдебиетші-ғалым, жазушы-этнограф, та-рихшы-философ Ақселеу Сейдімбек өзіндік таным, ғылыми пайымдаулар берді.

Қазірде не көп, жылына бір монография жазатын ғалым мен тарихты әрлі-берлі шиырлап, түп қазығын өзінің тайпасынан немесе бабасының маңынан шығаратын тарихшылар көп.

Кешегі кеңестік жүйеден қалыптасып, мызғымас темірдей тәртіпке бағынған ғылыми стиль дейтін талап, ғалымдар үшін бұлжымас заңға айналды. Тіпті әдебиет пен тарих, өнер саласын зерттеушілердің өзі осы заңдылық шеңберінен шыға алмады. Зерттеуіміздің ғылыми сипаты анық, бояуы қанық болсын деп келсін-келмесін қаламдарын қайта-қайта ғылыми термин са-уытына малып отырып жазатын әдетке көшті.

Кез-келген зерттеу еңбек ғылыми-танымдық тұрғыдан, көпшілік оқырман үшін жазылуы керек деген пікірді өз басым ең алғаш рет Ақселеу ағадан естідім. Оған бүгінде көзіміз анық жетіп жүр. Мұқабасы ашылмаған үр жана монографиялар кітапхана сөрелерінде самсап тұр. Ілуде-шалу сол тақырыпқа зәру адамдар оқымаса көпшілік оқырманның ондай еңбектерді оқуға зәуде зауқы соқпайды...

Алаш халқының алты ғасырлық, туралап айтсақ түркі дүниесінің төрт мыңжылдық тарихын «көктей шола» отырып, А.Сейдімбек ғылыми шығармаларын оқығанда жүрек шымырлатар шымыр сөздердің жаныңызға қуат беретіні де, жоғарыда айтылған «қатып қалған ғылыми стильге» бағынбағанынан болар-ау, сірә деп ойлаймыз.



соны, басы 4 бетте

- Сейдімбеков шығармаларындағы әпсаналық сонар, парасатты пайымдаулар, дерек пен дәйекке, ұлы тұлғалардың ой орамдары, тұжырымдарымен сабактаса отырып, қазақи тілдің қуаты мен нәрленіп, санаңызға сөнбес сәуле ұялатады. Мәселен, адамзат баласының даму тарихы жайлы айтқан мына бір пайымдаулары алпыстағы ақсақалға да алтыншы сыныптың оқушысына да түсінікті тіпмен баяндалады: «Геологиялық ширектік кезеңде пайда болып, тасты қару еткен адамнан бастап, бүгінгі ядролық реактордың тұтқасын ұстаған адамға дейінгі арапықтағы дамудың ұзақ жолын елестеу үшін мынандай бір қарапайым шартты мысап келтіруге болады. Адамзат баласы дамуының қияннан басталған қиын жолын мың шақырым деп алар болсақ, соның 990 шақырымы табанын тасқа тілдіріп, маңдайын күнге күйдіріп, аш-жалаңаш, жаяу шұбырғандардың еншісіне тиер еді. Мұнан кейінгі 9 шақырымды бірі ит пен бұғы жегіп, бірі түйе мен өгіз мініп, санаулылары ғана атқа тақымын тигізіп жүріп өткендей. Ал XX ғасырдың ең жүрдек көлігін мінген замандастарымыздың жүрген жолы жаңағы мың шақырымның ең соңғы бір шақырымы ғана болып шығады. Міне, адамзат баласының жалпы даму жолына ой зерделеткенде әрі жан түршіктірер, әрі шүкірлік еткізер ащы шындық осы»

А. Сейдімбек келтірген осы бір шағын пайымдаудың өзі қаншама том зерттеулерге жүк болары сөзсіз. Ақаң соны қазақтың қарапайым тілімен оймақтай ғана ойға сидыра білген. Міне, мұның өзі Ақаңның логикалық ұтқырлық пен тілдік шеберлікті мінсіз пайдапана білетіндігін көрсетіп тұр. Сөздік қордың молдығы мен тіл шұрайлылығының ғажайып иірімдері әсіресе, Ақаңның көркем шығармаларында ерекше реңк береді. «Күзеуде» деп атапатын хикаятын оқи бастағаннан-ақ кез-келген дала перзентінің жүрегі сәулелі сезім, аяулы нұрдың шұғыласына шомылып сала берері сөзсіз. Сіз оны көргенсіз, сіз оны бастан өткергенсіз... «Сарыарқаның саумал иісті, сары ала жапырақты күзі еді. Бұл кездің жер ба-

уырлап жатып алатын қорғасын бұлты да, көк йық етіп ұзақ сілбілейтін жауыны да, бой жаздырмас ызғарлы суығы да әзірше білінбей тұр. Оның орнына күзгі таңның хабаршысындай болып басталатын майда леп, күн арқан бойы



көтерілгенше толқи есіп, күй сазындай көңіл сергіте тербеумен болды. Күн көтеріле қоңыр күздің қоңыр лебі елеусіз ғана тынады. Осы сәтте әбден бояуы қанған табиғат қыс түспей соңғы рет дәурен күйін шертіп қалғысы келгендей малына құлпырады...»

Осылайша басталған хикаят тілі өзінің иірімдеріне оқырманың еріксіз тарта береді. Өйткені бұл баяндау дала перзенті үшін таныс, ыстық суреттер.

Ақаңның көркем шығармаларында кездесетін «томарылған май», «ернеуін сүйіп келген шара толы қымыз», «жол соғып, суық сорып келген қонақ», «қазан суыт болған қарақасқа ат», «таң алдындағы алагеуім тымық шак» сияқты сөз тіркестері қазақи ұғымға аса жақын және өте таныс-беймәлім сөздер емес пе?!.. Мұндай сөйлемдер, әсіресе бүгінгі ұрпақ үшін таныс-беймәлім сөз тіркестері Ақан мұрасында өте мол кездеседі.

Әрине қазақ руханиятының тарихында тіл мәдениетінің жанашыры һәм майталмандары құдайға шүкіршілік бар және мол. Әріге бармай-ақ Асан қайғы дәуірінен басталған жыраулық дәстүрдің көш керуені Абай заманына дейін жалғасса, кешегі Ахмет Байтұрсын сияқты ұлт зиялылары сөз, тіл ұлғатын ғылыми тұрғыдан таразылап тамырын тіпті де тереңдете түсті. Жетпіс жыл бойы қызыл империяның қан-қасап құрсауында болып, құр сүлдері шықса да қазақ тілі Тәуелсіз, азат күнге аман-есен тұяқ іліктірді. Сол жетпіс жылда жетімдік көрген тілімізді ата-бабалар рухы қолдады Қазақтың ақын-жазушылары сол тілде сөйлеп, сол тілде шығарма жазды. Туған тіліміздің нәрін шама-шарқынша ХХІ ғасырға, азат елдің ұрпағына аманаттаған да солар. Солардың ішінде Алаштың абызына айналған менің Ақселеу ағам да бар болатын...

ҚОЙЛЫБАЙ АСАНҰЛЫ,
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері

Жаңаарқа. - 2012. - 18 тамыз (№ 38). - 4-5 б.

